



## "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жезқазған қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 05/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 31 наурызда № 3084 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 35/14 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 20.12.2016 № 35/14 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органның үлгі Ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Жезқазған қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 04 ақпандағы "Жезқазған қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 03/03 қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары З.Д. Ақылбековаға жүктелсін

4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

Б. Ахметов

Жезқазған қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 25 ақпандағы №  
05 / 02  
қаулысымен бекітілген

## "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі білімді дамыту аясында мемлекеттік саясат саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мекеме басшысының бұйрықтары мен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес қала әкімдігімен бекітіледі

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, 100600, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен мекеме функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда ондай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: сапалы білім беру қызметін көрсету, білім саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Міндеттері:

азаматтардың білім алуға Конституциялық құқын қамтамасыз ету, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, демографиялық ерекшеліктерді ескере отырып мектепке дейінгі, міндетті орта білім беру саласында біріңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;

оқытудың жаңа технологияларын еңгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

әр түрлі және көп функциялы білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу;

балаларды, оқушы жастарды және білім беру қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;

қаланың білім беру ұйымдарын қаржымен қамтамасыз ету жағдайын жақсарту, материалдық техникалық базасын қалыптастыру және дамыту;

жастарды тәрбиелеу саласында мемлекеттік біртұтас саясатты жүзеге асыру;

ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау, бұндай балалардың және ата-ана қамқорлығы жойылуының нақты жағдайларына сүйеніп алғашқы есеп жүргізу, балаларды орналастыру нысанын таңдау, бұндай жағдай боламағанда - жетім балалар мен қамқорлықсыз қалған балаларға арналған мемлекеттік мекемеге орналастыру;

кәмелетке толмаған балалардың хатталған мүлкін қорғау үшін шаралар қолдану;

жетім балалар және ата – ана қамқорлығынсыз қалған балалар үшін мемлекеттік органдардың әрекеттеріне қадағалау үйлестіру және жүзеге асыру;

мемлекеттік қызметін көрсету, мемлекеттік қызметін көрсету бойынша мониторинг жүргізу.

15. Функциялары:

мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізеді және олардың орта білім алғанға дейінгі оқуын ұйымдастырады;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға қамқоршылық және қорғаушылық жасауды ұйымдастыру, оларды балалар

үйлеріне немесе интернаттық ұйымдарға орналастырады;

меншік нысандары мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан жергілікті бағыныстағы білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие үрдісі мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келуіне уақытылы бақылау жасауды ұйымдастырады және оны өз күзіреті шегінде жүргізіп отырады;

білім мекемелерінің аттестация комиссиясының шешімін бекітеді;

мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру мәселелері бойынша жоғары тұрған органдарға статистикалық есеп беріп отырады;

педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеру, қайта даярлау қабілеттілік есебін жүргізуді жоспарлау және жүргізу;

әдістемелік кабинет арқылы қалалық деңгейде оқу – тәрибелеу үрдісін әдістемелік қамтамасыздандыру;

білім мекемелерінің қызметін сараптайды, алдағы уақытта олардың дамуына болжам жасайды, өз күзіретіндегі білім мекемелерінің озық педагогикалық жаңашылықтарын зерттейді және таратады;

"Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі күзіретіне кіретін мәселелер бойынша білім Басқармасы, облыстық Департамент және Басқармалармен ақпараттық байланысты қамтамасыз етеді.

16. Құқықтары мен міндеттері;

өз функцияларын орындау мақсатында белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, мекемелерден, кәсіпорындардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты алуға;

мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметшілерін келісім бойынша мекеме күзіретіне жататын мәселелерді дайындауға қатыстыру, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

мемлекеттік органдардың білім саласында қызметін ұйымдастыруды жетілдіру туралы ұсыныстар енгізуге, мекеменің құзырына жататын мәселелер бойынша ақпараттық - талдау және өзге де материалдарды дайындауды жүзеге асыруға;

тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға мекеме қызметінің аясына жататын тапсырмалар беруге, олардың орындалуын бақылауға, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдар жүргізетін сұрақтар туралы қатысуға ұсыныстар енгізуге;

адам құқықтары мен өзге де сұрақтар сақталған, білім мәселелері күзіретіне кіретін, білім мекемесінің лауазымды тұлғаларына ұжымдық, әдістемелік, ақпараттық және басқа да көмек көрсетуге.

### 3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшылықты жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мекеменің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке қала әкімімен тағайындалады және қызметтен босатады.

19. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

мекеменің жұмысын ұйымдастырады;

өз қызметін бірінші басшылық принципімен атқарады және Қазақстан Республикасының Заңдары мен осы Ережеде белгіленген өзінің құзіретіне сәйкес мекеме мәселелерін дербес шешеді;

мекеме қызметкерлерінің және білім беру ұйымдарының басшыларының функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін бекітеді;

мекеменің алда тұрған және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

мекеме қызметкерлеріне марапаттау, көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

барлық қызметкерлер үшін орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді және қызметтік құжаттарға қол қояды;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ұйымдарының, мектептен тыс ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық негізде тағайындайды және қызметтен босатады;

азаматтармен жеке қабылдау жүргізеді;

"Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан сенім хатсыз іс әрекет етеді;

ұйымдарда, мекемелерде және меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындарда мекеменің мүддесін қорғайды;

шарттар жасасады;

сенімхаттар береді;

мекеменің іс-сапар, тағылымдар, республикалық және шет елдік оқу орталықтарында және біліктілікті көтерудің басқа да түрлері бойынша мекеме қызметкерлерін оқытудың тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

Қазақстан Республикасы заңнамаларында, осы Ережеде жүктелген басқа да

функцияларды жүзеге асырады.

"Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік ( ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

23. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.